

## ҚарМТУ жатақханасының Студенттік кеңестері туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті жатақханасының студенттік кеңестері (одан әрі – Студенттік кеңестер) ұдайы әрекет ететін өкілдік және үйлестіру органдары, сонымен қатар жатақханада тұратын ҚарМТУ студенттерінің өзін-өзі басқару органдары болып табылады.

1.2. Студенттік кеңес өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңын, мемлекеттік биліктің нормативтік құқықтық актілерін, Университет Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін, жатақхананың Студенттік кеңесі туралы ережені басшылыққа алады.

1.3. ҚарМТУ жатақханасының Студенттік кеңестері «Армандастар Ордасы» студенттер үйінде және №1 жатақханада құрылады.

1.4. Жатақханалардың Студенттік кеңестерінің қызметтеріне жатақханаларда тұратын және Студенттік кеңестерге сайланған студенттердің қатысуға құқықтары бар. Жатақхананың Студенттік кеңесін құру, оның құрамын өзгерту, уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім жатақханада тұратын студенттердің жалпы жиналысында қабылданады.

1.5. Жатақхананың Студенттік кеңестерінің қызметін бақылауды ТІ жөніндегі проректор, жатақхана әкімгерлері, Жастар саясаты департаменті, ҚарМТУ студенттерінің «Жас Орда» кәсіподағы жүзеге асырады.

### 2. Жатақхананың Студенттік кеңестерінің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Университет Жарғысының, ҚарМТУ Ішкі тәртіп ережелерінің, жатақханада тұру ережелерінің сақталуын бақылау.

2.2. Университет әкімшілігімен, ЖСД, «Жас Орда» студенттер кәсіподағымен бірлескен, тұру жағдайын, тәрбие беру, оқу, мәдени-көпшілік және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының сапасын жақсартуға бағытталған жобалар мен іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру.

2.3. Жатақхана әкімшілігінің студенттерді орналастыру, ауыстыру және шығару мәселелері туралы көмегі.

2.4. Жатақхана тұрғындары мен әкімшілік арасында туындайтын таласты мәселелерді шешуге ықпал ету.

2.5. Тұрғын үй-шаруашылық жағдайын жақсартуға бағытталған жөндеуге және шаруашылық жұмыстарын жүргізуге қатысты мәселелерді, сонымен қатар жатақхана тұрғындарымен бірге мәдени-көпшілік жұмыс бойынша ұсыныстарды Университет әкімшілігінің қарауына беру.

### **3. Студенттік кеңестің құқығы мен міндеттері**

#### **3.1. Студенттік кеңестің құқығы:**

3.1.1. Жатақханада тұратын студенттердің мүдделеріне қатысты нормативтік актілерді әзірлеуге және жетілдіруге қатысу;

3.1.2. Тұрғындардың мүдделеріне қатысты әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерін қарастыруға, соның ішінде жатақхананың дамуына бөлінетін қаржылардың бөлінуіне ұсыныстар енгізуге қатысу;

3.1.3. Тұрғындардың студенттік жатақханада тұру және ішкі тәртіп Ережелерін бұзуына қатысты мәселелерді қарастыруға қатысу;

3.1.4. Жатақханада тұратын студенттердің өтініштері мен арыздарын қарастыруға және талқылауға қатысу;

3.1.5. Студенттік кеңестердің қызметіне қажетті ақпаратты ЖОО әкімшілігінен белгіленген тәртіп бойынша сұратуға және алуға құқылы;

3.1.6. Жатақхана бөлмелері мен материалдық-техникалық базасын пайдалану мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар енгізуге;

3.1.7. Жатақханада тұратын студенттердің еркіндігі мен құқығын, сондай-ақ Студенттік кеңестің құқығын бұзған және шектеген жағдайда ЖОО әкімшілігіне кінәлі тұлғаларға тәртіп жөніндегі жаза шараларын қолдануда және бұзылған құқықтарды қайта қалпына келтіру бойынша шара қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді;

3.1.8. Жатақханадағы оқудан тыс іс-шараларды талдауға және өткізуге, дайындауға, жоспарлауға тікелей қатысу.

#### **3.2. Студенттік Кеңес міндетті:**

3.2.1. ҚарМТУ жатақханасы Студенттік кеңесінің және студенттік жатақханада тұрудың, сондай-ақ ішкі тәртіп Ережелері туралы Тәртібін орындау бойынша тұрғындармен жұмыс жүргізуге;

3.2.2. Студенттік кеңеске түсетін тұрғындардың өтініштері мен арыздарының барлығын белгіленген тәртіп бойынша уақытылы қарастыруға;

3.2.3. Осы Ережеге және Студенттік кеңестің оқу жылына арнаған жоспарына сәйкес жұмыс жасауға;

3.2.4. Тұрғындардың әлеуметтік мәні бар мүдделерін қолдауға;

3.2.5. Қажетті әлеуметтік-тұрмыстық, сондай-ақ тұрғындардың оқуына және демалуына жағдайлар жасауға көмектесу;

3.2.6. ЖОО әкімшілігі алдында тұрғындардың мүдделерін білдіруге және қорғауға.

3.2.7. Университет пен жатақхана, сондай-ақ жатақхана тұрғындарының әкімшілігін өздерінің жұмыстары мен шешімдері туралы хабарлауға міндетті.

### **4. Студенттік кеңес құрылымы**

#### **4.1. Студенттер жатақхана кеңесінің құрылымы:**

**4.1.1.** Студенттік кеңес төрағасы - жалпы студенттер жиналысында ашық дауысқа салу арқылы сайланады, жатақханада тұратын, бір жылдық мерзіммен студенттер кәсіподақ комитетінің уәкілі;

**4.1.2.** Жатақхананың әр қабатында, Студенттік кеңестің төрағасы мен студенттер кәсіподақ комитеті уәкілінің қатысуымен, сол қабатта тұратын студенттердің ашық дауысқа салуы арқылы староста сайланады;

**4.1.3.** Студенттік кеңес төрағасы институттың студенттер кәсіподақ комитетінің құрамына кіреді. Жатақхананың Студенттік кеңесінің құрылымы Студенттік кеңес Төрағасы, оның орынбасарлары мен қабаттардың старостасынан тұрады.

**4.2.** Студенттік кеңес мүшелері жалпы студенттер жиналысында, осы аталған жатақханада тұратын тұрғындардан сайланады.

**4.3.** Жатақхананың студенттік кеңес жетекшілігін Студенттік кеңес Төрағасы жүзеге асырады. Жатақхананың Студенттік кеңесінің ережесі жатақхананың барлық тұрғындарына бірдей міндетті.

**4.4.** ҚарМТУ жатақханасының Студенттік кеңес Төрағасы Студенттер кеңесі әкімшілігі мүшелерінің жалпы жиналысында жасырын дауысқа салу арқылы немесе әкімшілік тарапынан өз міндеттерін жауапсыз атқарғаны үшін, әлде өз өкілеттігін шектен шыға пайдаланғаны үшін лауазымынан босатуы мүмкін.

**4.5.** ҚарМТУ жатақханасының Студенттер кеңесінің Төрағасы өзінің лауазымын қағаз жүзінде негізделген шешім қабылдап, өз еркімен босауына болады.

## **5. Жатақхананың Студенттік кеңесінің жұмысын басқару**

**5.1.** Жатақхананың Студенттік кеңесінің Төрағасы келесі міндеттерді атқарады:

**5.1.1.** Жатақхананың Студенттік кеңесінің жұмысына жетекшілік жасайды;

**5.1.2.** Жатақхананың Студенттік кеңесіне жатақханада тұратын студенттер мен жатақхананың басшылығымен келісе отырып, оның жұмыс жобаларын, жоспарларын талқыға салады;

**5.1.3.** Университеттің студенттер жатақханасының ішкі тәртіп Ережелерін сақтауын қадағалауға жәрдемдесу;

**5.1.4.** Өзге ЖОО Студенттік кеңестің оңтайлы, тиімді жақтарын үйрену;

**5.1.5.** Білім алушылардың жалпы жиналысында жатақхананы Студенттік кеңес мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөлу.

## **6. Жатақханалардың Студенттік кеңестерінің жұмыс тәртібі**

**6.1.** Жатақхананың Студенттік кеңесінің отырысы - айына кемінде 1 рет, оперативтік отырыстар мәселелердің туындау шамасына қарай өткізіледі.

**6.2.** Жұмысты ұйымдастыру үшін жатақхананың Студенттік кеңестері түрлі ақпарат құралдарын пайдаланады.

## **7. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу**

7.1. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу жатақханада тұратын білім алушылардың жиналасында, дауыстардың қарапайым көпшілігі бойынша қабылданады.


7.2. Осы Ережененің сақталуын бақылауды жатақхананың Студенттік кеңесінің төрағасы, оның орынбасары және жатақхана басшысы жүзеге асырады.

ТІ жөніндегі проректордың м.а.




Н.А. Алпысбаева

ҚарМТУ студенттерінің «Жас Орда»  
кәсіподағының төрағасы



Р.Р. Бузяков

Кеңесші заңгер



Г.С. Аязбаева